

ҚАЗАҚСТАНДЫҚ КӨПБАЛАЛЫ ОТБАСЫЛАРДЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК ӘЛ-АУҚАТЫН ӨЛШЕУ ӘДІСТЕМЕСІ

Муханова Ж.С., академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, Қарағанды, Қазақстан
Бейсенова А.А., академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, Қарағанды, Қазақстан

Әлеуметтік әл-ауқат ұғымы қоғамдық ғылымдарда адамның және отбасының өмір сүру сапасын анықтайтын негізгі категория ретінде қарастырылады. Бұл ұғым тек табыс көлемімен ғана шектелмейді, сонымен қатар білім алу мүмкіндігі, медициналық қызметтердің сапасы мен қолжетімділігі, тұрғын үй жағдайы, бос уақытты тиімді өткізу мүмкіндігі сияқты көптеген факторларды қамтиды. Әлеуметтік әл-ауқат туралы түсінікті тереңірек ашу үшін алдымен оның теориялық негіздеріне тоқталу қажет.

А.Н. Алексеев мен Ж.С. Аубакированың «Көпбалалы отбасылар елдің демографиялық дамуы мен әлеуметтік тұрақтылығының маңызды бөлігі болып табылады, ал олардың әл-ауқатын арттыру тек әлеуметтік қорғау шаралары арқылы ғана емес, экономикалық және инфрақұрылымдық қолдау арқылы да жүзеге асырылуы тиіс» [1,64] пікірлері қазіргі Қазақстан жағдайында ерекше өзектілікке ие. Себебі көпбалалы отбасылар саны елдегі демографиялық ахуалдың негізгі көрсеткіштерінің бірі болып табылады. Халық санының өсуі мемлекеттің еңбек әлеуетін арттырып қана қоймай, оның әлеуметтік-экономикалық даму мүмкіндіктерін де кеңейтеді. Дегенмен көпбалалы отбасылардың тұрмыс сапасы тек жәрдемақы немесе бір реттік әлеуметтік төлемдермен шешілмейді. Олардың толыққанды дамуы үшін тұрақты табыс көздері, сапалы білім беру мен медициналық қызметтерге қолжетімділік, тұрғын үймен қамтамасыз ету және инфрақұрылымдық мүмкіндіктер қажет. Мысалы, ауылдық жерлердегі көпбалалы отбасылар үшін жол, мектеп, балабақша, медицина пункттері сияқты негізгі инфрақұрылым нысандарының жақын болуы аса маңызды. Бұл тек әлеуметтік қолдау ғана емес, өмір сапасының нақты көрсеткіштері болып саналады. Экономикалық тұрғыдан алғанда, көпбалалы отбасылардың еңбекке қабілетті мүшелерін жұмыспен қамту, олардың кәсіби біліктілігін арттыру, шағын бизнес ашуға жағдай жасау да отбасының әл-ауқатын едәуір жақсарты алады. Сондықтан ғалымдар ұсынғандай, әлеуметтік қорғау жүйесі экономикалық және инфрақұрылымдық даму шараларымен ұштасқанда ғана көпбалалы отбасылардың өмір сүру деңгейі жоғарылап, бұл өз кезегінде елдің демографиялық тұрақтылығы мен әлеуметтік келісімін нығайтады.

Әлеуметтік әл-ауқатты бағалаудың негізгі индикаторларына табыс көлемі, жұмыспен қамтылу деңгейі, тұрғын үй жағдайы, денсаулық сақтау мен білім беру қызметтерінің қолжетімділігі, сондай-ақ әлеуметтік трансферттер мен мемлекеттік жәрдемақылардың көлемі жатады. Атап айтқанда, Ж.С. Аубакирова «Әлеуметтік әл-ауқатты анықтауда тек экономикалық көрсеткіштермен шектелмей, отбасылардың өмір сүру сапасын жан-жақты сипаттайтын әлеуметтік индикаторларды да пайдалану қажет» деді [2,41]. Бұл тәсіл халықтың тұрмыс деңгейін тереңірек түсінуге мүмкіндік береді.

Г. Инеуова редакциясымен жарық көрген еңбекте: «Әлеуметтік саясаттың тиімділігі тек берілген жәрдемақылардың көлемімен емес, олардың отбасылардың нақты өмір сапасын арттыруға ықпал етуімен өлшенеді» деді [3,203]. Осы тұрғыда көпбалалы отбасылардың әлеуметтік жағдайын жақсарту үшін білім беру мен денсаулық сақтау саласында қосымша жеңілдіктер беру, тұрғын үймен қамтамасыз ету бағдарламаларын кеңейту және еңбек нарығында қолайлы жағдай жасау қажеттілігі атап өтілді.

А. Соколов өз мақаласында: «Көпбалалы отбасыларға бағытталған демографиялық саясат елдің әлеуметтік тұрақтылығы мен экономикалық дамуының негізгі кепіліне айналуы тиіс, себебі халық санының өсуі тек сандық емес, сапалық тұрғыдан да қолдауды қажет етеді» деді [4,2]. Бұл пікір әлеуметтік саясаттың стратегиялық маңызын көрсетіп, көпбалалы отбасыларға берілетін көмектердің ұзақ мерзімді даму мақсаттарына сай болуын талап етеді.

UNFPA ұйымының Қазақстандағы халықтың әлеуметтік жағдайына арналған есебінде: «Әлеуметтік әл-ауқат индексі қалыптастыруда табыс, денсаулық, білім, тұрғын үй және гендерлік теңдік көрсеткіштерін кешенді түрде қолдану елдегі әлеуметтік саясаттың тиімділігін арттырады» деп көрсетілді [5,55]. Бұл ұсыныс халықаралық тәжірибені ұлттық ерекшеліктермен үйлестіре отырып, көпбалалы отбасылардың жағдайын бағалауда әмбебап индикаторлар жүйесін құру қажеттігін айқындайды.

Отбасының әл-ауқатын анықтау әдістемесін Еңбек министрлігінің мамандары Қазақстандағы БҰҰ Даму бағдарламасының (БҰҰДБ) сарапшыларымен бірге Алкир-Фостердің математикалық моделі негізінде әзірледі. Оның арқасында мемлекеттік органдар енді отбасыларды отбасының цифрлық картасы арқылы әлеуметтік әл-ауқатының деңгейі бойынша бөлетін болды. Бұл карта «Smart Data Ukimet» Талдамалық жүйесімен интеграцияланған, ол арқылы мемлекеттік органдардың дерекқорлары қолжетімді, онда азаматтар туралы табыс деңгейі, жылжымалы және жылжымайтын мүліктің болуы, отбасы құрамы, кредиттердің болуы сияқты әртүрлі ақпарат қамтылады. Жүйеге қол жеткізу тек мемлекеттік органдар үшін ашық. Сондай-ақ, мемлекет ресми жұмыс істеген және салық аударымдарын төлеген жағдайда азаматтың барлық кірістері туралы білетінін атап өтеміз. Ресми түрде ресімделмеген кірістерді есепке алу мүмкін емес. Мүлік пен несиеге келетін болсақ, бұл деректер мемлекеттік органдар үшін ашық. Осылайша, әдістеме азаматтардың жеке салымдар мен жинақтардың құпиясына конституциялық құқықтарын бұзбайды және азаматтарды шығу тегіне, әлеуметтік, лауазымдық және мүліктік жағдайына байланысты кемсітпейді.

2023 жылғы 10 мамырда Еңбек және әлеуметтік қорғау министрлігі Ашық НҚА сайтында отбасының әл-ауқатын анықтау әдістемесінің жобасын ұсынды. Жобаға сәйкес, әр отбасының әл-ауқаты баллдар есептелетін немесе шегерілетін бірқатар көрсеткіштерді (кірістердің, тұрғын үйлердің, кредиттердің болуы) талдау негізінде айқындалатын болады. Алынған балл сомасына қарай қазақстандықтар мен олардың отбасылары бес санатқа

бөлінеді: шұғыл деңгейден гүлденген деңгейге дейін. Құжат 24 мамырға дейін қоғамдық талқылауға қол жетімді болды. 29 маусымда еңбек министрі Тамара Дүйсенованың бұйрығымен әдістеме қабылданды.

Отбасының әл-ауқатының деңгейі астыда көрсетілгендей анықталады:

- Отбасы табысы бойынша анықтама;
- Тұрғын үй жағдайлары бойынша анықтау;
- Жұмыспен қамту бойынша анықтама;
- Отбасындағы оқушылар саны бойынша анықтау;
- Мүгедектігі бар адамдардың саны бойынша айқындау;
- Денсаулық жағдайы бойынша анықтау [6].

Отбасының әлеуметтік әл-ауқатын айқындау әдістемесі Қазақстан Республикасы Әлеуметтік кодексінің 24-бабының 3-тармағына сәйкес әзірленген болатын. Ол отбасының цифрлық картасы арқылы отбасыларды әлеуметтік әл-ауқат деңгейі бойынша қалыптастыру және сегменттеу үшін қолданылады. Отбасының цифрлық картасының мәліметтері әлеуметтік қорғау шараларында әлеуметтік мұқтаж адамдарды айқындау, оның ішінде әлеуметтік кодекске және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес мемлекеттік органдардың және ұйымдардың проактивті мемлекеттік қызметтер көрсетуі үшін негіз болып табылады.

Отбасының әлеуметтік әл-ауқатын анықтау әдістемесінде келесі күй-жағдайлар ескеріледі: динамикалық байқау ол дегеніміз пациенттің денсаулық жағдайын жүйелі бақылау, сондай-ақ осы байқаудың нәтижелері бойынша қажетті медициналық көмек көрсету; ең төменгі күнкөріс деңгейі - ең төменгі тұтыну себетінің құнына тең бір адамға шаққандағы ең төменгі ақшалай кіріс; жан басына шаққандағы орташа табыс - отбасының жиынтық табысының айына отбасының әрбір мүшесіне келетін үлесі; жеке қосалқы шаруашылық - ауылдық жерде және қала маңындағы аймақта орналасқан жер учаскесінде өз мұқтажын қанағаттандыру үшін қызмет түрі; жер учаскесі - Қазақстан Республикасының Жер кодексінде белгіленген тәртіп пен жер қатынастары субъектілеріне бекітіліп берілетін, тұйық шекараларда бөлінген жер бөлігі; жұмыссыз - жұмыс іздеуді жүзеге асыратын және жұмысқа кірісуге дайын жеке тұлға; кедейлік шегі - мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмектің мөлшерін айқындау критерийі ретінде белгіленетін бір адамға шаққандағы ақшалай табыстың шекті ең төменгі шамасы; мүгедек адам - ауруларға, мертігулерге (жараларға, жарақаттарға, контузияларға), олардың зардаптарына, бұзылуларға байланысты дене функциялары тұрақты бұзылған денсаулығының бұзылуы бар, тіршілік әрекетінің шектелуіне және оны әлеуметтік қорғау қажеттілігіне әкеп соғатын адам; тұрғын үй – белгіленген құрылыс, санитарлық, экологиялық, өртке қарсы және басқа да міндетті нормалар мен қағидаларға жауап беретін, тұрақты тұруға арналған және пайдаланылатын жеке тұрғын бірлік (жеке тұрғын үй, пәтер, жатақхана бөлмесі, модульдік тұрғын үй) [7].

Қазақстанда көпбалалы отбасыларға көрсетілетін әлеуметтік көмектердің түрлерінің жылдан жылға көбеюі елдің әлеуметтік саясатының маңызды басымдығының бірі болып отыр. Қазіргі таңда бала тууға байланысты берілетін біржолғы жәрдемақылар отбасыларға алғашқы материалдық қолдау көрсетсе, көпбалалы аналарға арналған арнайы төлемдер олардың тұрақты табысын толықтырып, күнделікті шығындарын азайтуға мүмкіндік береді. Бұған қоса, тұрғын үй алу үшін ұсынылатын жеңілдетілген несиелер көпбалалы отбасылардың баспаналы болу арманын жүзеге асыруға жол ашады. Білім беру саласында да бірқатар жеңілдіктер қарастырылған, атап айтқанда балалардың жоғары оқу орындарында оқуына арналған мемлекеттік гранттар мен жеңілдіктер көпбалалы отбасылардың білімге қолжетімділігін арттырады. Денсаулық сақтау саласында тегін немесе жеңілдетілген медициналық қызметтер отбасының қаржылық ауырталығын азайтып қана қоймай, балалардың денсаулығын жақсартуға бағытталған. 2023 жылғы ресми статистикаға сәйкес, Қазақстанда 500 мыңнан астам көпбалалы отбасы бар, олардың басым бөлігі мемлекеттен бірнеше түрлі әлеуметтік көмек алады. Бұл көрсеткіш әлеуметтік саясаттың нақты нәтижелерін айқындайды және көпбалалы отбасыларға жан-жақты қолдау көрсету қоғамның әлеуметтік тұрақтылығын қамтамасыз ететінін дәлелдейді. Мұндай шаралар отбасы институтын нығайтып қана қоймай, халықтың өмір сүру сапасын арттырып, демографиялық өсімнің тұрақтылығын қамтамасыз етуге септігін тигізеді. Сонымен бірге әлеуметтік көмектердің кеңейтілген жүйесі отбасының материалдық жағдайын жақсартуға ғана емес, балалардың сапалы білім алып, денсаулығын нығайтуына және толыққанды әлеуметтенуіне жағдай жасайды, бұл өз кезегінде мемлекеттің ұзақ мерзімді даму стратегиясының ажырамас бөлігі болып табылады.

Көпбалалы отбасылардың әлеуметтік әл-ауқатын бағалау әдістемесін жетілдіру үшін ұлттық статистиканы халықаралық стандарттармен үйлестірудің маңызы өте зор. Қазіргі таңда әр елде әлеуметтік әл-ауқатты өлшеудің өзіндік әдістері қалыптасқанымен, оларды халықаралық тәжірибемен салыстыру арқылы бірыңғай индикаторлар жүйесін құруға мүмкіндік туады. Мысалы, табыс деңгейін, білім алу қолжетімділігін, денсаулық сақтау сапасын және тұрғын үй жағдайын бағалауда халықаралық ұйымдар қолданатын әдістемелерді Қазақстан жағдайына бейімдеу елдің әлеуметтік саясатын жаңа сатыға көтереді. Бұл, бір жағынан, Қазақстандағы көпбалалы отбасылардың жағдайын әлемдік стандарттармен салыстыруға жол ашса, екінші жағынан, ішкі саясатта тиімді шешімдер қабылдауға мүмкіндік береді. Сонымен қатар аймақтық ерекшеліктерді ескеретін икемді индикаторлар жүйесін қалыптастырудың да қажеттілігі айқын. Себебі Қазақстан аумағы кең болғандықтан, әр өңірдің әлеуметтік-экономикалық даму деңгейі бірдей емес, демек көпбалалы отбасылардың тұрмыс жағдайына әсер ететін факторлар да әртүрлі. Мысалы, ауылдық жерлерде инфрақұрылымның жеткіліксіздігі, жұмыспен қамту мүмкіндіктерінің шектеулі болуы немесе әлеуметтік қызметтердің алыстығы отбасының әл-ауқатына тікелей ықпал етеді. Ал қалалық жерлерде тұрғын үй бағасының қымбаттығы, бала күтімі орындарының тапшылығы сияқты мәселелер алдыңғы қатарға шығады. Сондықтан икемді индикаторлар жүйесі осы өңірлік айырмашылықтарды ескеріп, әр аймақ үшін бөлек әлеуметтік қолдау тетіктерін ұсынуға мүмкіндік береді. Мұндай тәсіл әлеуметтік саясаттың тиімділігін арттырып қана қоймай, халықтың нақты қажеттіліктеріне жауап беретін, дер кезінде шешім қабылдауға бағытталған жүйелі шараларды жүзеге асыруға жол ашады. Нәтижесінде көпбалалы отбасылардың өмір сапасы артып, елдің әлеуметтік тұрақтылығы мен демографиялық дамуы қамтамасыз етіледі.

Қорыта айтқанда, Қазақстандағы көпбалалы отбасылардың әлеуметтік әл-ауқатын өлшеу әдістемесі кешенді көзқарасты талап етеді. Ол үшін табыс, білім, денсаулық, тұрғын үй және әлеуметтік қорғау саласындағы көрсеткіштерді біріктіретін бірыңғай индикаторлар жүйесін енгізу қажет. Мұндай тәсіл әлеуметтік саясаттың тиімділігін арттырып, көпбалалы отбасылардың өмір сүру сапасын жақсартуға және елдің демографиялық дамуын тұрақтандыруға ықпал етеді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Алексеев А.Н., Аубакирова Ж.С. Этнодемографические процессы в Казахстане. – Алматы: Зерде, 2019. – 180 с.
2. Аубакирова Ж.С. Этнические особенности воспроизводства населения Казахстана (1979–1999 гг.) // Демоскоп Weekly. – 2005. – URL: <http://www.demoscope.ru/weekly/2005/0197/analit05.php> (дата обращения: 27.08.2025).
3. Инеуова Г. (ред.) Некоторые вопросы гендерного развития Казахстана. – Алматы: Общественный фонд «Центр социальных и политических исследований «Стратегия», 2023. – 272 с.
4. Соколов А. Как русские стали «малым народом» в Казахстане // Ведомость. – 2022. – URL: <https://www.vedomosti.ru/society/articles/2022/01/17/904990-kak-russkie-stali-malim-narodom> (дата обращения: 27.08.2025).
5. Population Situation Analysis in the Republic of Kazakhstan / UNFPA. – Nur-Sultan, 2019. – 92 p.
6. Отбасының әл-ауқатын анықтау әдістемесі: бұл не және не үшін керек?// <https://factcheck.kz/kaz/socium-kaz/otbasynyja-jal-aujaatyn-anyjatau-jadjastemesja-bjal-ne-zhjane-ne-jashjan-kerek/>
7. Отбасының (адамның) әлеуметтік саламаттылығын айқындау әдістемесін бекіту туралы//Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2023 жылғы 29 маусымдағы № 267 бұйрығы.

ӘОЖ 378

УНИВЕРСИТЕТТІК ДЕҢГЕЙДЕ ПЕДАГОГ-ПСИХОЛОГТАРДЫ ДАЯРЛАУ

Маженова Р.Б., академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, Қарағанды, Қазақстан
Манашова Г.Н., академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, Қарағанды, Қазақстан
Ившина Н.В., академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, Қарағанды, Қазақстан

Қазіргі білім беру жүйесінде педагог-психологтарға деген сұраныс күннен-күнге артып отыр. Әсіресе мектепке дейінгі ұйымдар мен жалпы орта мектептерде психологиялық қолдаудың маңыздылығы ерекше. Осыған байланысты педагог-психологтарды даярлау мәселесі жоғары оқу орындарының негізгі стратегиялық міндеттерінің бірі болып табылады [1]. Бұл даярлық тек кәсіби білім берумен шектелмей, студенттердің тұлғалық, құндылықтық және зерттеушілік қабілеттерін дамытуға бағытталуы тиіс [2].

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2025 жылғы 24 ақпандағы № 31 бұйрығына сәйкес білім беру ұйымдарының педагогтеріне арналған кәсіптік стандарттарында педагог-психолог лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамалары көрсетілген, бакалавриат білім деңгейінде бес еңбек функциялары келтірілген, психологиялық-педагогикалық бейіні мен мақсатына диагностика жүргізу; білім алушылардың білім жетістіктеріне мониторинг жүргізу; білім беру ортасының жағдайына психологиялық-педагогикалық мониторинг жүргізу; білім беру қызметін дамыту және түзету бағдарламаларын жоспарлау мен әзірлеуде оқу-әдістемелік жұмысты жүзеге асыру; психологиялық-педагогикалық көмектің қолданбалы ғылыми-практикалық технологияларын құру.

Жоғары оқу орнынан кейінгі білім деңгейінде, атап айтқанда, магистратура мен докторантура бес еңбек функциясының сипаттамалары келесідей: психологиялық-педагогикалық бейіні мен мақсатына диагностика жүргізу; білім алушылардың білім жетістіктеріне мониторинг жүргізу; білім беру ортасының жағдайына психологиялық-педагогикалық мониторинг жүргізу; білім беру қызметін дамыту және түзету бағдарламаларын жоспарлау мен әзірлеуде оқу-әдістемелік жұмысты жүзеге асыру; психологиялық-педагогикалық көмектің қолданбалы ғылыми-практикалық технологияларын құру [3].

Жоғары аталғандарға сәйкес, педагог-психологтарды даярлаудың басты мақсаты – білім беру ұйымдарында психологиялық қызметті жүзеге асыра алатын, кәсіби-педагогикалық құзыреттерге ие мамандарды қалыптастыру. Осы мақсатқа жету үшін бірнеше міндеттер қойылады:

- психология мен педагогиканың теориялық негіздерін меңгерту;
- диагностикалық, түзету және кеңес беру дағдыларын қалыптастыру;
- балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес психологиялық-педагогикалық қолдау көрсетуді үйрету;
- ғылыми-зерттеу жұмыстарына тарту және кәсіби шығармашылықты дамыту.

Педагог-психологтарды даярлау үдерісі бірнеше өзекті бағыттарды қамтиды:

1. Психологиялық білім беру.

Оқу бағдарламасында жалпы психология, даму психологиясы, жас ерекшелік психологиясы, әлеуметтік психология, психодиагностика және психокоррекция пәндері маңызды орын алады. Бұл пәндер студенттердің теориялық білімін жүйелеп, кәсіби көзқарасын қалыптастырады.

2. Педагогикалық даярлық.